

"Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 75 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 9 шілдедегі № 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 шілдеде № 36428 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31999 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жерлердің ірі масштабты топырақ іздестірулерінің нәтижелері (топырақ карталары мен картограммалары) мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне жұмыстар орындалған жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін енгізіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Топырақ іздестірулер бойынша дала жұмыстары басталғанға дейінгі дайындық кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат алады.";

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) картографиялық: қағаз және цифрлық тасығыштардағы фотожоспарлар, аэрофотосуреттер, ғарыштық суреттер және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің цифрлық деректері;"

28, 29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Негізгі кескіндер барлық қат-қабаттар мен аналық жыныстың жоғарғы 10 (он) сантиметрін ашатын топырақтың толық профилін зерттеу үшін барынша типтік жерлерде орналастырылған. Кескіннің жалпы тереңдігі 80 (сексен) сантиметрден 200 (екі жүз) сантиметрге дейін, алдыңғы қабырғаның ені 60 (алпыс) сантиметрге дейін. Кесіндіде қиыршық тас, тығыз жыныстар немесе су болған жағдайда, негізгі топырақ кесіндісінің тереңдігі тығыз жынысты ашу тереңдігімен немесе судың пайда болуымен шектеледі.

29. Жартылай шұңқырлар топырақтың түрлерін және аналық жыныс басталғанға дейінгі барлық топырақ горизонттарын аша отырып, олардың кеңістіктік өзгеруін анықтау үшін типтік жерлерде қазылады. Жартылай шұңқырлардың тереңдігі топырақ түзетін жыныс ашылғанға дейін 80 (сексен) сантиметрден 10 (он) сантиметрге дейін, ені – 60 (алпыс) сантиметрден кем болмайды.

30. Қазбашықтар негізгі кесінділермен және жартылай шұңқырлармен анықталған және сипатталған жекелеген топырақ контурларының шекараларын нақтылау үшін пайдаланылады, қазбашықтың жалпы тереңдігі кемінде 50 (елу) сантиметр. 2-3 (екі-үш) негізгі қат-қабатты қазу арқылы ашу топырақтың жекелеген жалпы және түрлік белгілерін (қарашірік қат-қабатының қалыңдығы, карбонаттылық, кебірлілік, сортаңдану) анықтау үшін жүргізіледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Негізгі кескіндерде, жартылай шұңқырларда және қазбашықтарда топырақтың морфологиялық белгілерін сипаттау осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес топырақтың морфологиялық белгілерінің қысқартылған индекстерін пайдалана отырып, жүзеге асырылады.";

6 және 7-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

24-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

41-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

48-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 9 шілдедегі
№ 218 бұйрығына
1-қосымша
Жердің ірі масштабты топырақ
іздістірулерін жүргізу
жөніндегі әдістемеге
6-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару
комитетінің "Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты"
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының _____
облысы бойынша филиалы

Топырақ сипаттамасының далалық журналы

(ауылдық округ, ауыл, қала, есеп кварталының нөмірі)

(аудан)

(облыс)

Кескін № _____
бастап _____ дейін
Кескіндер саны:
негізгі _____
жартылай қазбалар _____
қазбашықтар _____
Топырақты зерттеп-қарау
_____ " _____ " _____ бастап
_____ " _____ " _____ дейін
жүргізілді
Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 9 шілдедегі
№ 218 бұйрығына
2-қосымша
Жердің ірі масштабты топырақ
іздістірулерін жүргізу
жөніндегі әдістемеге
7-қосымша

Нысан

№ _____ кескін

(топырақ танушының тегі) (сипаттау күні) (облыс, аудан, жер пайдалану)
N.....°.....'.....''E.....°.....'.....'' (координаттар)

(алқап және оның жай-күйі – дақыл, шөп басқан,

өсімдік жамылғысы, жобалық жамылғы)

(топырақ бетінің жай-күйі)

(жалпы жер бедері)

мезобедер (жер бедері элементі, алаңы бойынша

басым контур аумағындағы

беткейлердің экспозициясы мен тіктігі градуспен), микробедер

(топырақ түзуші және төсеніш жыныстар)

Кесіндінің тереңдігі (сантиметр)	Көпіршіктілік (сантиметр)		СаСО ₃ жиналымдары		Гипс	Тезерігіш тұздар	Тотдақтар	Глейдақтары	тереңдігі (сантиметр)
	әлсіз	аса	тереңдігі (сантиметр) және пішіні	саны (астын сызу)	тереңдігі (сантиметр) және пішіні	саны (астын сызу)	тереңдігі (сантиметр) және пішіні	саны (астын сызу)	
				көп аз		көп аз		көп аз	

(контурдың агроөндірістік сипаттамасы – біртектілік немесе кешенділік,

контурдағы компоненттердің пайыздық арақатынасы,

өндірістік бағалау)

Топырақтың анықтамасы

1) далалық

2) түпкілікті

Топырақ бейіні сипаттамасы

Горизонттардағы қасиеттері мен белгілері	Генетикалық горизонттардың белгіленуі, орналасу тереңдігі және қалыңдығы, сантиметрмен				
Түсі					
Механикалық құрамы					
Ылғалдылығы					
Құрылымы					
Тығыздығы (байланыстылығы)					
Көпіршуі (сипаты, тереңдігі)					
Кеуектілігі (қуыстылығы)					
Түбірлер (көп, аз)					
Кірікпелер мен жаңа жаралымдар					
Ауысу сипаты					
Үлгі алу тереңдігі					

Топырақтанушының қолы

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 9 шілдедегі
№ 218 бұйрығына
3-қосымша
Жердің ірі масштабты топырақ
іздістірулерін жүргізу
жөніндегі әдістемеге
24-қосымша

Нысан

Қаңқалық дәрежесі бойынша топырақтардың жіктелісі (қиыршық тас, қабыршақ, шақпатас – 3 миллиметрден 5 сантиметрге дейінгі бөлшектер)

Белгі	Қаңқа мөлшері бойынша топырақтардың атауы	0-30 сантиметрлік қабаттағы топырақ салмағының %-пен қаңқа мөлшері	Агромелиорациялық іс-шаралар қажеттілігі
Δ	Аз қаңқалы	< 10	Қажет емес
ΔΔ	Орташа қаңқалы	10-20	Қажет емес
ΔΔΔ	Қатты қаңқалы	20-50	Ұсақ топырақпен, органикалық заттармен байыту және ішінара малтатаc пен шақпатастан тазарту қажет
ΔΔΔΔ	Өте қатты қаңқалы	> 50	Егістікке тиімділігі төмен

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 9 шілдедегі
№ 218 бұйрығына
4-қосымша
Жердің ірі масштабты топырақ
іздістерінің жүргізу
жөніндегі әдістемеге
41-қосымша

Нысан

Жеміс дақылдары үшін әртүрлі тереңдіктегі топырақ ортасының (pH) әсер ету мәні

қабаттағы су суспензиясының pH, см					Топырақтың жеміс екпелері үшін жарамдылығы
0-50	50-150	150-200	200-250	250-300	
6,0-ден аз	6,0-8,5	6,0-8,7	6,0-8,7	6,0-8,7	Дәнекті дақылдар үшін қолайлы және әктеу кезінде – сүйекті дақылдар үшін
6,0-8,5	6,0-8,5	6,0-8,7	6,0-8,7	6,0-8,7	Барлық дақылдар үшін қолайлы
7,0-8,5	7,0-8,5	8,5-8,7	8,5-8,7	8,7-8,8-ден көп	Қысқы дәнді сорттар үшін жеткілікті қанағаттанарлық емес
					Сүйекті тұқымдарға жарамды,

7,0-8,6	7,0-8,5	8,5-8,7	8,7-ден аз	8,7-9,0	оларды аласа өскен телітушілерде өсірген кезде. Биік өскен телітушілерде алма ағашының ең берік жазғы сорттары өсірілуі мүмкін.
7,0-8,5	8,5-8,7	8,7-ден көп	8,7-9,0	9,0-ден көп	Сүйекті дақылдарға жарамды, әсіресе өрік ағашына, аласа өскен телітушілерде алма ағашының ең берік жазғы сорттары өсірілуі мүмкін. Алма ағашының қысқы сорттары үшін жарамсыз.
8,0-8,5	8,7-8,8-ден көп	8,7-9,0 және одан көп	9,0-ден көп	9,0-ден көп	Тек өрік, қараөрік, беже отырғызуға болады. Басқа тұқымдарға жарамсыз.
8,7-8,8-ден көп	8,7-9,0 және одан көп	9,0-ден жоғары	9,0-ден көп	9,0-ден көп	Жеміс ағаштары үшін пайдалануға жарамсыз.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 9 шілдедегі
№ 218 бұйрығына
5-қосымша
Жердің ірі масштабты топырақ
іздістірулерін жүргізу
жөніндегі әдістемеге
48-қосымша

Нысан

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

далалық _____

_____ жұмыстарды тексеру
(қабылдау)

№ _____ актісі

Мен _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

_____ аумағында орындалатын

(облыс, аудан, кадастрлық квартал, ауылдық округтің атауы)

далалық _____

жұмыстарды тексеруді (қабылдауды) жүргіздім.

Далалық жұмыстарды _____

масштабында _____ жер көлемінде _____ бөлімінің

(орындаушының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ бастап _____ аралығындағы мерзімде орындады.

Далалық карталарды және сипаттау бланкілерін қарап шығу нәтижесінде, сондай-ақ ұзақтығы _____ бақылау маршруты негізінде анықталды:

1. Далалық түсіру

_____ сапалы _____ масштабындағы фотожоспарларда жүргізілді.

_____ контур айырып көрсетілді және сипатталды.

2. Жасалған сипаттамалар _____ дана, олардың кондициясы түсіру масштабына сәйкес келеді.

3. Контурлар шекараларын және сипаттау орындарын картаға түсіру дәлдігі, шекараларды картаның іргелес парақтары бойынша байланыстыру _____

4. Далалық құжаттама (сипаттау бланкілері) жүргізіледі

5. Химиялық талдауға топырақ үлгілері іріктеліп алынды _____ дана, су _____

Далалық және камералдық тексеру негізінде, далалық _____ жұмыстар

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 75 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31999 болып тіркелген) бекітілген Жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемесіне сәйкес орындалған.

Түзетілуі тиіс жекелеген кемшіліктер көрсетілді:

Тексеру жүргізген _____
Орындаушы _____
Аталған кемшіліктерді түзеткен _____
Жұмыс _____ бағасымен қабылданды деп есептелсін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК